

Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізудің әсері

2003 жылы басталған әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі еліміздегі және әлемдегі конфессияаралық диалог пен келісімнің маңызды институтының бірі болып табылады. Астана қаласында өткен 2003, 2006, 2009, 2012, 2015, 2018 2022 ж. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ірі халықаралық іс-шаралардың біріне айналды және Қазақстанның халықаралық деңгейге шығуы тұрғысынан маңызы зор болды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының жеті съезіне ислам, христиандық, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және басқа да дәстүрлі діндердің басшылары мен көрнекті өкілдері қатысты.

Съезд өркениеттер мен діндер диалогын жолға қою және дамыту саласында жұмыс істейтін көптеген ірі халықаралық форумдар тарапынан кеңінен танылды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің үш онжылдығы аясында съездердің жұмысын табысты және тиімді ұйымдастыру зайырлы мемлекетке елеулі саяси дивидендтер әкелді. Қазіргі дәуірдің неғұрлым өзекті және өткір проблемаларына дұрыс ден қоюға қабілетті, кемел әрі мықты ел ретінде оның халықаралық аренадағы беделін арттырды.

Съезд Қазақстанның дінаралық және конфессияаралық диалогтың жаһандық процесіне қосқан елеулі үлесіне айналды және ел ішінде де, халықаралық аренада да келісім мен толеранттылық, өзара түсіністік пен ынтымақтастық қағидаттарын нығайту жөніндегі әлемдік қоғамдастықтың күш-жігерінде ерекше орын алды.

Қазақстанда түрлі діни және саяси қайраткерлер қатысатын съезді өткізу елдің саяси және экономикалық тұрғыда тұрақты екендігінің қосымша дәлелі болып табылады. Бұл ереже діни сенім бостандығы жоғары дәрежедегі елдер рейтингінде Қазақстанның жоғарылауына оң әсер етеді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі әлемдегі қоғамдар мен мемлекеттерде өзара түсіністік пен құрмет мәдениетін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. БҰҰ қарарлары Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің діндер, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы жаһандық диалогты ілгерілетуге қосқан құнды үлесін кеңінен атап өтіп келеді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің бастамаларын іске асыру мақсатында Қазақстанның ұсынысы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының 62 сессиясы 2010 жылды «Мәдениеттер жақындасуының халықаралық жылы» деп жариялау туралы қарар (17.12.2007 ж. № 62/90) қабылдады. Өткен 20 жыл ішінде діни көшбасшылар съезі өркениеттер диалогын қалыптастыру және дамыту саласында жұмыс істейтін басқа да ірі халықаралық форумдар тарапынан кеңінен танылды.

Дүниежүзілік Ислам Лигасы (Сауд Арабиясы Корольдігі), Әулие Әджидио қауымдастығы (Италия), Азия Үйі (Испания), Тони Блэр қоры (Ұлыбритания),

«Кордоба бастамасы» ұйымы (АҚШ) сияқты беделді халықаралық ұйымдар, сондай-ақ ТМД, «Діндер бейбітшілік жолында» конференциясы, Вена халықаралық дінаралық және мәдениетаралық диалог орталығы, Сауд Арабиясының Королі Абдалла, Дүниежүзілік шіркеулер кеңесі, Доха халықаралық дінаралық диалог орталығы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің қызметіне ықыласпен назар аударып отыр.

Қазақстан өзінің саяси және экономикалық тұрақтылығын әлемдік деңгейде көрсететінін назарға ала отырып, ол ұлттық экономикаға шетелдік инвестицияларды тартуға, сондай-ақ елдің туристік әлеуетін арттыруға ықпал ете алатыны айқын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің ізгі идеялары діни және саяси ортада әлемдік қоғамдастықта кең қолдау тауып келеді. Олар әлемге дінаралық қатынастар туралы ғасырлар бойы қалыптасқан стереотиптерді еңсеруге, ХХІ ғасырдағы өзара іс-қимылда жаһандық толеранттықтың пәрменді формуласын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Съезд әлемдік дін көшбасшылары мен ірі саяси қайраткерлердің бір-бірін өз аузынан тыңдап, ести алатындай нәтижелі кездесулер мен өзара коммуникациялық іс-қимылды қамтамасыз етеді; адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының рөлін анықтауда әлемдік діндердің бай рухани мұрасын және өркениеттердің ортақ тарихи тәжірибесін үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Әр түрлі дүниетанымдардың, ұстанымдардың, менталитеттің өкілдері қатысатын Съезді жоғары деңгейде ұйымдастыру және өткізу өте қиын міндет.

Съездердің өткізілуі, қатысушылар арасындағы ынтымақтастық пен қарым-қатынастың тиімді тетіктері құрылып, жолға қойылуы – бұл, әрине, айтулы жетістік.

Съезд бірегей диалог алаңын ресімдеуді ұйымдастыруға ықпал етті, сөзбе-сөз рухани көшбасшылардың бір-біріне қол созуына мүмкіндік берді.

Шынында да, Съезде кейде әртүрлі діни көзқарастар мен мәдени мәселелер ғана емес, сонымен бірге мемлекеттері жылдар бойы қарсыласып келе жатқан азаматтар да кездесті.

Съезде әр түрлі көзқарастың өкілдері қызу да қарбалас, ілтипатты да ізгілікті жұмыстың арқасында диалог жүргізіп, пікір алмасты, бір-бірін тыңдап қана қоймай, құлақ қойды, естіді. Съезд сонысымен ерекше болды.